

Май аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 1/12 "Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 1/28 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 шілдеде № 36456 болып тіркелді

Май аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Май аудандық мәслихатының "Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 26 наурыздағы № 1/12 шешіміне (Нормативтық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7516-14 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы шешіммен бекітіліген Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Май аудандық мәслихатының төрағасы

М. Хызыр